

**«Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым саласының
жағдайы мен басым бағыттары туралы» тақырыбында
2013 жылғы 9 желтоқсанда өткен Үкімет сағатының
нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Б. Сәрінжіповтың «Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым саласының жағдайы мен басым бағыттары туралы» баяндамасын тыңдап әрі талқылай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- Мемлекет басшысының «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған білім және ғылым саласындағы негізгі басымдықтарды кешенді әрі тиімді іске асыруды қамтамасыз етсін;

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын уақтылы және сапалы орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

- 2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын талқылау кезінде депутаттық корпус айтқан барлық ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға және оның атқарылуына егжей-тегжейлі талдау жүргізісін;

- білім беру сапасын арттыруға бағытталған E-learning бағдарламасын жүйелі әзірлеу мен енгізу мәселесін тыңғылықты пысықтасын, оны енгізу бойынша бюджет қаражаттарын пайдаланудың тиімділігін және осы жүйеден түпкі қайтарымды қамтамасыз етсін;

- жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін сынамалауға жан-жақты талдау жүргізуді қамтамасыз етсін. Жан басына шаққандағы қаржыландыру шамасын есептеуді еліміздің өңірлері бойынша тұрмыс деңгейін және бағаларды ескере отырып, саралап жүзеге асырсын;

- өңірлердегі авариялық және үш аусымды мектептер санын азайту жөніндегі шараларға бақылауды күшейтсін;

- қала мен ауыл мектептері оқушыларын оқытудың шарттарын стандарттауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан мектептерін паспорттауды жүргізісін;

- сейсмотұрақтылықты күшейтуді талап ететін білім беру ұйымдарының мониторингін жүргізісін. Білім беру объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуді қоса алғанда, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және ұсынысты тиісті республикалық бюджет жобасына енгізісін;

- орта және кәсіптік білім беру мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыруға талдауды жүзеге асырсын, осы мекемелерді жарақтандыру жоспарын әзірлесін;

- «Балапан» бағдарламасының 2020 жылға дейін ұзартылуын ескере отырып, өңірлердегі халықтың нақты қажетсінуін негізге ала отырып, балаларды мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиемен барынша қамту жөніндегі міндеттер кешенін шешсін;

- балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелер объектілерін уақтылы тапсыру және оларды салу кезінде құрылыс нормаларын сақтау бөлігінде «Балапан» бағдарламасын тиімді іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

- мемлекеттік тапсырысты тиімді орналастыру мақсатында жеке меншік мектепке дейінгі білім беру мекемелерін ынталандыру жөнінде шаралар әзірлесін;

- білім беру мекемелері желісінің ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттары мен нормативтеріне жүйелі түрде талдау жүргізсін, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін;

- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің пәрменді үлгісін, сондай-ақ республика өңірлерінде оларды іске асырудың сатылы жоспарларын әзірлесін;

- білім беру ұйымдарын жоғары білікті педагог кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын;

- кепілдік берілген тұрғын үйді, жалақыны және әлеуметтік кепілдіктерді бере отырып, білікті педагогтарды ауылдық жерге тарту жөнінде тиімді шаралар қабылдасын;

- өңірлердің даму ерекшеліктерін ескере отырып, шағын жинақты мектептердің проблемаларын шешу ұсыныстарын талдау және әзірлеу үшін ведомствоаралық жұмыс тобын Парламент депутаттарын қатыстыра отырып құрсын;

- білім беру жүйесі қызметкерлерінің жалақысын арттыру жөнінде шаралар қабылдасын және сараланған әрі ынталандыратын тетіктерді енгізе отырып, педагогтардың еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарасын;

- Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелеріне талдау жасауды жүзеге асырсын, ҰБТ сұрақтарының мазмұны және оны өткізуді ұйымдастыру бойынша мәселені пысықтасын. ҰБТ-ға баламалар туралы мәселені зерделесін;

- түлектердің ҰБТ-ға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз етсін;

- ҰБТ нәтижелері бойынша мектептердің қызметін бағалау практикасын қайта қарасын;

- ҰБТ тапсыру бойынша қорытынды баллдарда «орыс тілді мектептегі қазақ тілі», «қазақ тілді мектептегі орыс тілі» пәндері бойынша баллдарды есепке алу жөнінде шаралар қабылдасын;

- мектеп түлектеріне мектепті бітірген жылы қорытынды аттестация нысанын және жоғары оқу орындарына ҰБТ мен абитурагенттерді кешенді тестілеу арқылы түсуді таңдауға құқық беру жөнінде қажетті шаралар, оның ішінде заңнамалық тұрғыдан қабылдасын;

- қайталауды болғызбау, сапаны жақсарту және білім алушылардың жүктемесін азайту мақсатында барлық деңгейдегі орта білім беру ұйымдарында қолданылып жүрген мектеп бағдарламаларына (контент және сағат мөлшері) және оқу жоспарларына талдау жасауды жүзеге асырсын, оларды оңтайландыру жөнінде жұмыс жүргізісін;

- түрлі типтегі мектептерді ескеріп, көп нұсқалылықты көздей отырып, орта білім беру ұйымдары үшін оқу жоспарын қайта қарасын;

- мүгедек балалардың инклюзивті білім беру шеңберінде жалпы орта және кәсіптік білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз етсін;

- балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде ақпараттық-насихаттау жұмысын жандандарсын;

- мектептердегі және кәсіптік оқу орындары мен жоғары оқу орындарындағы барлық спорт объектілерін түгендеуді жүргізісін;

- мектептегі медицина қызметкерлерінің Денсаулық сақтау министрлігіне бағыныстылығы жөніндегі мәселені қарасын;

- 12 жылдық білім беру бағдарламаларына және оқу-әдістемелік материалдарына, сондай-ақ Мемлекеттік стандарт жобасына кешенді талдау жүргізісін;

- 11 жыл бойы жүргізіліп келе жатқан 12 жылдық білім беруді енгізу экспериментінің қорытындысын шығарсын, экспериментке қатысушыларға оқуды бітірген жылы емтиханды мектепте тапсыру және жоғары оқу орнына түсу құқығын көздесін;

- еңбек нарығы мониторингін ұйымдастыру, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру критерийлерін әзірлеу, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты болжауды, талдауды жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

- экономика салаларының ағымдағы және болжамды қажеттіліктеріне қарай мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруды жүзеге асырсын;

- республикадағы техникалық және кәсіптік білім беретін (ТЖКБ) оқытушылардың ресурстық қамтамасыз етілуін және біліктілігінің еңбек нарығындағы қазіргі заманғы қажеттіліктерге сәйкес келуі тұрғысынан бағалауды жүргізісін;

- дуальды оқыту жүйесін енгізуді және жұмыс беруші өкілдерінің жетекшілік етуімен колледждерді басқарудың жетекші (корпоративтік) органдарын құруды жалғастырсын;

- еңбек нарығы қажеттіліктерін ескере отырып, ТЖКБ ұйымдарында кадрлар даярлауды жүзеге асырсын. Олардың инфрақұрылымын және материалдық-техникалық базасын түбегейлі жаңғырту жөнінде шаралар қабылдасын. ТЖКБ жүйесі үшін арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін даярлауға және қайта даярлауға ерекше назар аударсын. Практикалық сабақтарға оқушыларды дайындауға және қатыстыруға түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың қатысу тетіктерін әзірлесін;

- кәсіптік білім беру жүйесінің оқу және практикалық бағдарламаларын жетілдіру жөнінде жүйелі түрде жұмыс жүргізісін;

- сараптама қоғамдастығының өкілдерімен (Парламент депутаттарының қатысуымен) «Кәсіпқор» холдингісінің объектілерін салу жобасын және қызметін талқылауды жүргізсін;
- дербес жоғары оқу орындары үлгілерін қалыптастыру және корпоративтік басқару тетіктерін енгізу мәселесін қарасын;
- жоғары оқу орындары жанынан инновациялық қызметке бағдарланған ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу мәселесін қарасын;
- мамандардың біліктілігін сертификаттау жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдасын;
- мемлекеттік білім беру гранттары бойынша білім алған жоғары оқу орындарының түлектерін мамандығы бойынша жұмыс орындарына бекіту жөнінде ұсыныстар дайындасын;
- ғылыми жобаларға сараптама жасауға көпшілігінде шетелдік емес, қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар тартылсын;
- жас ғалымдардың еңбегіне ақы төлеудің қағидаттары мен мөлшерін қайта қарасын;
- өндіріс үшін де, жалпы ел экономикасы үшін де нақты мақсаттар қоятын ірі салааралық ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеуді дамытсын және оларды көтермелесін;
- ең талантты жас ғалымдарды іріктеу мақсатында магистратураға және докторантураға қабылдау рәсімін жетілдірсін;
- ғылыми және инновациялық жобалардың (ұлттық компанияларды, даму институттарын қоса алғанда) жалпы салааралық дерекқорын құрсын;
- Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-техникалық қызметі құрылымдары мен Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің индустриялық-инновациялық қызметі құрылымдары арасындағы функциялардың аражігін ажырата отырып, жоғары оқу орындары жанынан ғылыми парктер құрсын.